



ТАРАТУ ҮШІН

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Halyk Тобы компанияларының 2012 жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Қор биржасынан алған марапаттары туралы

2013 жылғы 1 сәуір

2012 жылдың нәтижесі бойынша «Халық» тобының компаниялары «Қазақстан Қор биржасы» АҚ-ның түрлі аталымдар (номинациялар) бойынша марапаттарына ең көп мөлшерде ие болды.

«Қазақстан Қор биржасы» АҚ-да (KASE) 2012 жыл қорытындысы бойынша барынша танылған KASE мүшелері болып табылатын компанияларды марапаттау салтанаты өткізілді.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (Алматы) «Экономиканың қаржы секторындағы листингтік компаниялар» деген топ бойынша халықаралық инвесторлар мен сарапшылардың беделін иеленген әрі өз бизнесін транспаренттік қағидаттар негізінде құратын Қазақстандағы жетекші қаржылық топтың көш бастаушысы ретінде KASE-нің «Бүркемесіздікке ұмтылысы үшін» деген дипломымен аталып өтті.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы – «Қазақстан Халық Банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-на «РЕПО операциялары нарығындағы көш бастаушы» деген аталым бойынша «алтын» диплом табыс етілді, ал «күміс» диплом «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ-на табысталды. KASE-дегі барлық репо операциялары көлемінің үштен біріне жуығы Халық тобының осы аталған екі компаниясының үлесіне тиесілі болып табылады.

«Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы үшінші жыл қатарынан «Жетекші қаржылық кеңесші» аталымы бойынша жоғары марапатты иемденді. 2012 жылы «Halyk Finance» АҚ халықаралық және қазақстандық бағалы қағаздар нарығында өз клиенттеріне 2,5 млрд. АҚШ доллары көлемінде қаржы тартуға көмек көрсетті. «Halyk Finance» АҚ-ның айтулы және инновациялық транзакцияларына жария түрде сәтті жүргізілген мынадай мәмілелерін атап өтуге болады: «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның «Сукук «аль-Мурабаха» тұңғыш (дебюттік) исламдық 5 жылдық облигацияларын шығару және орналастыру, Қазақстандық және Лондондағы Қор биржаларында «Кселл» АҚ қарапайым акцияларының және жаһандық депозитарлық қолхаттарының жариялық ұсыныстары, Еуразиялық Даму Банкінің дебюттік 5 жылдық теңгелік облигацияларын шығару және орналастыру, сондай-ақ «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның және ЖайықМұнай тобының жаңа еврооблигацияларын табысты және уақытында шығарумен қатар «Қазақстан Даму Банкі» АҚ және ЖайықМұнай тобының өздерінің сыртқы қаржыландыруын басқару бойынша эталондық бірегей мәмілелері.

Осылайша, Халық тобының компаниялары KASE-нің төрт бірдей құрметті марапатын иеленді.

– Мұндай марапаттарға қол жеткізуді Қазақстан Қор биржасының сауда алаңындағы листингтік компаниялар мен андеррайтерлер және эмитенттер арасында қалыптасып отырған өнімді ынтымақтастықтың нәтижесі деп бағалау керек, – деді өз сөзінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары Дәурен Қарабаев. – Мұның өзі Халық Банкінің қаржылық тобы қызметінің ашықтығы мен тиімділігінің дәлелі болса керек. Осы орайда біз Халық Тобы компанияларының бүгінгі табыстарына өз үлесін қосқандардың барлығына, атап айтқанда, біздің серіктестерімізге, клиенттерімізге, инвесторлар мен акционерлерімізге шынайы алғысымызды білдіреміз, – деп атап өтті ол.

Айта кету керек, жеңімпаздар KASE Басқармасының 2013 жылғы 01 наурыздағы шешімімен «Қазақстан Қор биржасы» АҚ-ның айтарлықтай танылған мүшелерін жыл сайын марапаттаудың ережелеріне сәйкес айқындалды, Ережелер мәтіні KASE веб-сайтында жарияланған: http://www.kase.kz/files/normative_base/diploms.pdf

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еліміздің қаржы нарығындағы жетекші қаржылық топ әрі қазақстандық бөлік бизнес қызметін көрсетуші көш бастаушы банк болып табылады. Банк өзінің республика аумағы бойынша барынша кеңінен таралған филиалдық желісі арқылы 5,9 миллионға жуық жеке тұлғаға, 60 мыңнан астам ШОБ субъектілеріне және 300-ге жуық ірі корпоративтік клиентке қызмет көрсетеді. Қаржылық топ халыққа, оның ішінде жалпы тұрғындарға және шағын және орта бизнес өкілдеріне, сондай-ақ корпоративтік клиенттерге алуан түрлі қаржылық қызмет ауқымын (банктік қызметтер, зейнетақылық жинақ, сақтандыру қызметі, лизинг (жалға беру), брокерлік-дилерлік қызмет, активтерді басқару қызметі) ұсынады. Халық Банкі сондай-ақ өзінің Ресейдегі, Грузиядағы және Қырғызстандағы еншілес құрылымдары арқылы да банктік операцияларды жүзеге асырады.

«Қазақстан Халық Банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ – республикамыздағы зейнетақылық қызмет көрсету нарығының ірі қатысушысы, салымшылардың міндетті зейнетақылық жарналары бойынша жеке зейнетақылық шоттардың (ЖЗШ) 29,1%-ы және жинақтаушы зейнетақы жүйесінің зейнетақылық төлемдерінің 34,3%-ы, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының барлығының тапқан инвестициялық

табысының 34,8%-ы осы қордың үлесіне тиесілі. Зейнетақы қорының Қазақстан бойынша барлық қалалар мен ірі елді мекендердегі 18 филиалдан және 169 сервистік бөлімшеден құралған кең ауқымды филиалдық желісі бар, Қордың акционерлері «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚТЖ ҰК» АҚ болып табылады.

2012 жылы «Эксперт РА Казахстан» рейтингтік агенттігі «Қазақстан Халық Банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның сенімділік рейтингіне «Сенімділіктің айрықша жоғары (өте жоғары) деңгейі» деген баға беріп, қайталап растады (A++ рейтингі).

«Halyk Finance» АҚ - Қазақстандағы жетекші инвестициялық банк. Компания инвестициялық-банктік қызметтердің толық кешенін ұсынумен айналысады, атап айтқанда, қаржылық консалтинг және андеррайтинг (корпоративтік эмитенттердің бағалы қағаздарын шығаруды және орналастыруды ұйымдастыру), корпоративтік қаржыландыру қызметтерін, оның ішінде компаниялардың акцияларын және қатысу үлестерін сатып алу/сату және корпоративтік қарыздық борышты қайта құрылымдау бойынша M&A консультациялық қызметтер, сондай-ақ брокерлік қызметтер және бағалы қағаздармен сауда жасау қызметін ұсынады, Қазақстан Қор биржасының сауда алаңында маркет-мейкерлік қызмет көрсетеді, инвестициялық портфельді басқару бойынша, ұдайы негізде талдамалық қызметтер ұсынады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Баспасөз қызметі

тел. +7 727 2 590 816, www.halykbank.kz

«Қазақстан Халық Банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ

Баспасөз қызметі, тел. 239-70-83 (ішкі тел. 11-46), <http://www.halykfund.kz/>

«Halyk Finance» АҚ

Қаржылық консультация(кеңес беру) және андеррайтинг департаменті

тел. 330-01-52, www.halykfinance.kz